



Ақмешіт

16 ақпан
сейсенбі
№13 (1715)
2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Онда күн тәртібіндегі екі мәселе бойынша биыл атқарылатын жұмыс жоспары талқыланды.

МҰНАЙҒА ДА, ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА ДА МОЙЫН СОЗБАУ КЕРЕК

Мәжілісте сала мамандары қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жұмыспен қамту және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау бойынша жүзеге асатын жұмыстар жайын саралады. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеде қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов бытыр өнеркәсіп өндірісі көлемі 84 процентті, өңдеуші өнеркәсіп 90,8 процентті құрағанын жеткізді. Бұл екі көрсеткіш тікелей мұнай өнімімен байланысты болғандықтан, мұнай өңдеудің 30 процентке төмендеуі аталған салаға айтарлықтай кері әсер еткенін жасырмады. Ал ауыл шаруашылығы саласы бойынша көрсеткіш 102 процентке жеткен. Экономикалық ахуал тек мұнымен өлшенбейді. Бұдан өзге де салалар бойынша атқарылған ауқымды тірліктің нәтижесінде жоғары көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік туған. Бытырғы пандемияның салдарына қарамастан тығырықтан тиімді шыға білген сала мамандары биыл жаңа жоспарға сай жұмыс істемек. Тек мұнайға қарап отыруға болмайды. Сондықтан өндіріс саласының басқа да бағыттарын жандандыруды қолға алу қажет. Қала әкімі сала басшыларына осыны ескертті. Сондай-ақ осы бағытта әкім орынбасары Бектас Балғабайұлына бірқатар тапсырма беріп, оны қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау, құрылыс, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімдерімен бірлесіп атқаруды міндеттеді.

Халықты жұмыспен қамту және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау бойынша атқарылатын жұмыстар туралы сала басшысы Индира Ақжігітова баяндама жасады. Жыл басынан бері қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне 5399 азамат жұмыссыз ретінде тіркеліп, қаладағы жұмыссыздық деңгейі 1 ай көлемінде 4,2 процентті құрапты. Мәселен, бытыр мынанан аса адам жұмыспен қамтылса, биыл оның жартысына жуығы ғана екі қолға бір күрек тапқан.

2 БЕТТЕ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Тәуелсіздік жылдары сан салада қол жеткізген жетістік жетерлік. Еркіндік жаңа тиген елдің өз экономикасын, ұстанымын, заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталған қадамы әлемдік сарапшылар тарапынан оң бағаға ие болды. Осындай ерекше маңызы бар жобаның бірі — «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолы.

ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ ЖАЛҒАҒАН ЖОЛ

Құрылысына бірнеше ел атсалысқан ауқымды жоба Шығыс пен Батысты байланыстыратын сауда өткелі, күре тамыр есебінде маңызға ие болды. Тіпті, Орталық Азия ғана емес, құрлық пен құрлықты жалғаған автожол тарихи Жібек жолының заманауи жалғасы саналып, ғасыр құрылысына баланды. Себебі экономикалық құрылымы енді қалыптасқан мемлекетте инфрақұрылымды дамыту көп қаржы мен ресурсты талап етеді. Оның үстіне, ортақ міндет арқалаған Қытай мен Ресей үшін тең дәрежеде ауқымды құрылысты еңсеру оңайға соқпаса белгілі. Сондықтан Батыс пен Шығысты байланыстыратын көлік дәлізі Қазақстан үшін тек қатынас жолы емес, саяси аренада өзіндік имидж қалыптастыру мүмкіндігіне айналды.

2 БЕТТЕ



ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Бүгінде кәсібі бардың нәсібі бар. Заманның талабын түсінгендер жеке кәсіп ашып, табысқа жетудің жолын тапқан. Оған мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау үлкен көмегін тигізуде. Тек шын ниеттен адамға жол ашық екенін көбісі түсіне бермесе керек.

«ADAL AS» ҚАЙДА БАР?

Қазір дайын өнімді алып сатқаннан, өз өнімді өндіру әлдеқайда тиімді әрі сенімдірек. Дегенмен машақаты да аз емес. Бірақ бейнетінен қашпай, еңбек ете білген жемісі мол. Қала тұрғыны Гүлдана Бисенова да кәсібін анасының кеңесімен үй жағдайында жартылай дайын өнім жасап сатудан бастапты. Осылай басталған бизнесі бүгінгі күні өріс алып, кәсіп аясын кеңейткен.

бәріміздің бойымызда бар. Дегенмен Гүлдана Ақылбайқызы бастаған ісін әрі қарай дамытуды көздейді. Қиындығын да көрген. Сонда да қолын бір сілтемей, алға басқан. Еңбектің нәтижесін көргің келсе, бейнетінен бас тарта алмайсың.

— Әр істің өз салмағы, ауырталығы болады. Менің кәсібімде де солай. Тұшпараны кірпіз өнім деуге болады. Кейде үйде жарық сөнпін қалып, не тоназытқыш істен шығып, өнімдердің езіліп кеткен кездері болған. Ондай өнімді ешқандай өткізе алмайсың ғой. Кейде дүкен иелерімен де осындай жағдайды өткізіп, жарамсыз өнімнің орнын толтыру қажет болады. Осындай кедергілер болды. Мұның бәрі уақытша, әрі қалыпты жағдай деп ойлаймын. Кәсіп бастаған адам кедергіден шығудың жолын таба білу керек. Бастаған істі жарты жолда қалдырмасаң болғаны. Қалғаны ретімен жөнге келеді. Қазір кәсіптің қыр-сырын меңгердім, — дейді ол.

Адал еңбек етуді мақсат еткен кәсіпкер мемлекет қолдауына сүйенуді де жөн көреді. Сөйтіп «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Бастау» жобасы арқылы 250 мың теңге грант ұтып алған. Оған Алматы қаласынан қамыр жаятын арнайы құрылғы алдырған кәсіпкер ісін біршама жеңілдетті.

— Жартылай дайын өнім дайындау бойынша нарықта бәсекелестік бар. Бұл кәсіпке айналысатындар баршылық. Сондықтан тұтынушылар талғаммен қарап, талабын қояды. Бәсекелестіктен қорқып, кері шегінуге болмайды. Қайта өнімнің үздік шығатындай әрекет етуің қажет. Сол талаптың үдесінен шығып отырмыз деп ойлаймын. Сұраныс бар. Шағын дүкеннен бастап кез келген сұранысты қабылдаймын. Меілі ол 5 дана тұшпара, тіпті одан аз сұрасың, барлық тұтынушыға құрметпен қараймын. Қазір шағын цех ашып, 15 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Қаладағы «Асқар», «Қызылорда», «Өнар», «Карамель» сынды ірі сауда үйі мен шағын дүкендерді «Adal as-тың» манты, тұшпара, котлет, тауық котлеті, вареник, лағман секілді өнімдерін қамтамасыз етеміз. Ендігі «Small» супер маркетімен байланыс орнату, сондай-ақ алдағы уақытта «Adal as» брендин аудандарға шығару жоспарда бар, — дейді жоспарымен бөліскен Гүлдана Бисенова.

Жеке кәсіпке «Adal as» деген атау беріп, соған лайықты жұмыс жасағандығынан болар, кәсібі де кең қанат жая бастады. Тұтынушылары бұл өнімнің дәмін жақсы біледі. Бүгінде «Adal as-тың» өнімі қаланы түгел қамтып отыр деп айтуға болады. Бұл — адал еңбектің жемісі.

Айдана СЕЙІЛ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ШАҒАР ШЫРАЙЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Кеше қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжановтың қатысуымен баспасөз туры ұйымдастырылды.

— Облыс орталығы жыл өткен сайын жаңарып, даму динамикасы артып келеді. Шаһар шырайы саналатын демалыс орындары заманауи келбетке сай жаңғыртылып жатыр. Сонымен қатар жол жөндеу жұмыстары да қарқынды іске асуда. Мұның барлығы тәуелсіздігіміздің арқасы деп білу керек, — дейді қала әкімінің орынбасары.

ТҮРЛЕНГЕН «ТЕМІР ЖОЛ ПАРКІ»

Жә, сонымен біз аялдаған алғашқы нысан қайта жаңғыртудан өткен «Темір жол паркi». Қала әкімінің орынбасары көпшілік шоғырланатын демалыс орынының ашылу рәсіміне қатысты. «Халық сұранысына сәйкес осы орталықты жаңадан жандандырып жатырмыз. Енді ел игілігі үшін қызмет жасайды деп сенеміз. Бұл тарихи орында жерлестеріміздің барынша жақсы демалуына жағдай

жасалған. «Темір жол паркiнiң» түрленген екінші гүмбасы басталды деуге болады» деп атап өтті Асқарбек Темірбеқұлы.

— Осы орталықты жөндеуде сапаға баса мән берілді. Бұрынғы көне ескерткіштердің орнына жаңа сәулеті мен сәні келіскен балалар ойын алаңы бой көтерді. Самаладай жарық шамдар қойылды. 180 орындық пен қоқыс жәшіктері орнатылды. Енді кез келген кезеңде келіп қыдыруға болады. Қала қонақтары мен тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды деп сенемін. Жасалған жұмыстың бағасын халық береді. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың қараша айында басталып, желтоқсан айында аяқталды. Қала көріне көрік қосылды. Туған жеріміздің өркендеу жолында өз қолтаңбамыздың қалғаны біз үшін үлкен мәртебе, — дейді «Асан-ДАР» ЖШС бөлімше бастығы Жақсылық Елубай.

2 БЕТТЕ



— Негізгі мамандығым экономист-бухгалтер. Бұған дейін мектепте жұмыс істедім. Кейін бала күтіміне байланысты демалысқа шығып, сонымен 7 жылдай үйде отырдым. Кәсіп ашу ойлағым дүние еді. Бірақ оған көп қаражат керек, нақты табыс көзін табу қиын болды. Алайда анамның кеңесімен тұшпара сатуды жөн көрдік. Азғантай өніммен, несие алмай-ақ бастауға болатын кәсіп көзі ретінде соны лайық санадық. Жеке кәсібіміздің алғашқы қадамы осылай басталды. Алдымен үй жағдайында тұшпара жасап, көрші-қолаң, туған-туыс, таныстарға ұсындым. Дәмі ұнаса керек, қайта тапсырыстар түсті. Ақырындап жақын маңдағы дүкендерге өткізіп жүрдім. Осылайша сұраныс көбейе берді. Жұмыс көлемі де артты, — дейді кәсіпкер бізбен әңгімелескенде.

Халқымыз «Көз қорқақ, қол батыр» деп бекер айтпаса керек. Қандай да бір істі бастамас бұрын жүрексініп, тартыншақтау



МӘСЛИХАТ

Күні кеше жергілікті мәслихат депутаттарының қолына мандат алып, жұмысқа кіріскеніне тура бір ай болды. VII шақырылған қалалық мәслихатта үш партияның өкілдері бар. Атап айтқанда «Nur Otan», «Aq Jol», «Қазақстан халық партиясы» атынан сайланған барлығы 22 депутат ел сеніміне қызмет етуге кірісіп кетті.

ОТЫЗ КҮН ОЯУ



Жалпы жауапкершілік арқалаған депутаттарға қоғамда айтылатын өкпе-наз да аз емес. «Сайлаудан кейін жоқ болып кетті, уәдесі қайда қалды, депутатты танымаймыз» деген секілді пікірлер қай кезде де кейбір халық қалаулылары атына айтылып жатады. Осы орайда «халықтың үні, құлағы, көзі» саналатын баспасөз өкілі ретінде биылғы қалалық мәслихат депутаттарының отыз күн ішінде нендей жұмыс атқарып үлгергеніне шолу жасадық.

Депутат болсам деген үлкен мақсатпен халықтың аманатын арқалаған қалалық мәслихаттың бұл жолғы депутаттарында бір серпіліс сезіледі. Ел сеніміне селкеу түсірмес үшін қолына мандатын ала сала білек сабына ел мүддесіне қызмет етуге кіріскендей де бар. Тіпті бұрынғыдай 6 айда бір, жыл соңында немесе сайлау науқаны кезінде ғана емес, күн сайын халықтың ортасынан табылып жүрген депутаттар да кездеседі.

Бұған дейін де депутат, қалалық мәслихат хатшысы жауапкершілігін арқалап көрген, бір сөзбен айтқанда мәслихат жұмысынан тәжірибесі мол қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев жетінші шақырылған қалалық мәслихаттың хатшысы болып сайланғаны белгілі. Оның мол тәжірибесі жаңа құрамның белсене жұмысқа кірісуіне әсер етсе керек. Өзі бастап, әріптестері қолдап, ел сеніміне қызмет етуге үлкен дайындықпен келгендей.

2 БЕТТЕ

МҰНАЙҒА ДА, ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫНА ДА МОЙЫН СОЗБАУ КЕРЕК

Жұмыссыздық деңгейінің бұлай күрт өсуінің де өзіндік себебі бар. Бұл ретте бөлім басшысы індет кезінде біршама кәсіпкерлік нысанның, өндіріс орнының жабылуы, қызметкерлерді қысқартуы әсер етті дейді. Ендігі салаға кесірін тигізген індеттің салдарымен күрес күшейтілмек. Ол үшін сұранысқа не мамандарды оқыту, жұмысқа орналастыру әрі қарай жалғасын табады. Осы орайда азаматтарды жұмысқа орналастырудың жана жоспары бекітілген. Онда мемлекеттік мекеме және жеке секторлармен байланысу көзделген.

Жұмыссыздықты жоюда туындайтын мәселе мен кедергі көп. Бір-бірімен үйлеспейтін кемшіні тұстарды жіктен берген Индира Ақжігітова азаматтарға жұмыс беруде жеке

Басы 1-бетте

секторлардың сұранысы жоғары екенін әрі тұрақты жұмыспен қамтылу мүмкіндігі де барын атап өтті. Ал мемлекеттік мекемелерге «Жастар тәжірибесі», қоғамдық жұмыс арқылы тартылғандар уақыты келгенде жұмыссыз қалатынын жасырмады. Осыған сәйкес кәсіптік білім беру орындарында қажетті мамандық негізінде оқытуды жүйелеу керектігі де айтылды. Сала басшысының сөзін шаһар басшысы Нұрлыбек Машбекұлы да құптады. Әсіресе, індет кезінде еңбек мигранттарының келуіне шектеу қоюынан құрылыс саласында маман тапшылығы айрықша сезілген.

– Пандемия уақытында көрші елдерден келіп жұмыс істейтін еңбек мигранттарының келуіне шектеу қойылды. Сол себепті құрылыс саласын қарқынды жүргізде қиындық болды. Өз азаматтарымыз құрылыс жұмысына барудан бас тартады. Кейбірі денсаулығы жарамайтынын айтады. Тіпті

жалақысын 200 мың теңгеге көтереміз десе де, қара жұмыс істегісі келмейтіндер көп. Оған қоса құрылыс материалдары қымбаттады. Кіріпін зауыттарында жұмысшы тапшылығы орын алды, жұмыссыздар да азаймады, – деді мәселенің мәнжайын тарқатқан қала басшысы.

Ендігі осы мәселені шешу бағытында жоспар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізу керектігі де айтылды. Сонымен қатар мәжілісте мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту, оларға қолайлы орта қалыптастыру назардан тыс қалмады. Биыл аталған топтағы азаматтарды жұмыспен қамтитын мекемелерге қойылатын талап күшейтіледі. Сондай-ақ олардың жүріп тұруына, тиісті қызметті оңай алуына қолайлы жағдай жасауды қала әкімі әрбір сала басшысына қатан тапсырды.

Айдана СЕЙІЛ



ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫ ЖАЛҒАҒАН ЖОЛ

Транзиттік дәліз арқылы Қытайдан Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне, Ресейдің батыс өңірлері мен Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа бағыты қолжетімді болды. Оған қоса Шығыс пен Батысты жалғайтын 40 күндік теңіз жолын 4 есе қысқартуға мүмкіндік туды.

Әрине, мұндай күрделі құрылысты бір елдің жалғыз аяқтай алмайсы. Сондықтан ортақ игілікке жеткізетін жүкті Қазақстан, Ресей, Қытай тарапы бірлесіп көтеріп, Жібек Жолын жаңғыртуға уағдаласты. Нәтижесінде мемлекет басшылары келіссөздер мен меморандумдарға қол қойып, құрылыс жұмысын шұғыл бітіруге күш салған.

Бірақ келіскен уағданы орындау оңайға соқпады. Себебі сол сәтте әлем елдері экономикалық дағдарысты бастан өткізіп, қаржыға сақ қарап отырған кез-келген. Қазақстан да дағдарыстан кейінгі экономиканы аяққа тұрғызу қамымен көптеген жоба қабылдаған. Келісілген міндетті соңына жеткізу, аз уақытта жобаны жүзеге асыру үшін Елбасы шетелдік инвесторлармен мәмілеге келді. Ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жобасының келешегі мен стратегиялық маңызын дәлелдеп, қаржы ұйымдарының қолдауына ие болды. Осылайша жобаны жүзеге асыруға қажетті 825,1 млрд теңгенің жартысын халықаралық қаржы институттары шығарды. Жаһандық дағдарысқа қарамастан, «Еуропалық қайта құру және даму банкі», «Азия даму банкі», «Ислам даму банкі» секілді қаржы ұйымдары инвестиция құйып, жас мемлекеттің бастамасына қолдау білдірген.

Қазіргі таңда экономиканың құретамырына айналған автожол елдегі халық саны бес жарым миллионға жуық адамды құрайтын 200 елді мекенді кесіп өтеді. Жалпы ұзындығы 8445 шақырым болатын көлік дәлізінің бізге тиесілі бөлігі – 2 787 шақырым. Ол Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл және Алматы облысын қамтиды. Көлік қатынасына жан біткен соң, аймақтағы халық әлеуеті де біршама көтерілген. Жол бойындағы мыңдаған халық жұмыспен қамтылып, кәсіпкерлік нысан саны артады.

Әлем экономикасына тың серпін берген «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі – Қазақстанның Жібек жолын жаңғырту идеясының жемісі.

Жобаға бастамашы болған Елбасы Н.Назарбаев осыдан он жыл бұрын-ақ автожолдың тиімділігін айтқан болатын. Енді міне, сол күнге жетіп, бір ғана жүк транзитінен түсетін салықтың өзі қомақты қаржыны құрайды. Сондықтан ел болып күткен жоба игілігі әлі талай жыл экономиканың бірегейіне айналара бермек.

Еркін БАЛТАБЕКҰЛЫ

Басы 1-бетте

ШАҺАР ШЫРАЙЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ ЖАРЫҚ ШАМ...

Жол жөндеу жұмыстары өткен жылы қарқынды жүрген болатын. Сол игі бастама биыл да жалғасын тауып келеді. Баспасөз туры барысында Әйтеке би көшесіне жүргізіліп жатқан жұмыстарды көріп, көңіл құсы көкке шарықтады. Бұл көше қала орталығы болғандықтан мұнда мемлекеттік және жеке кәсіпкерлік нысандар орналасқан. Осы көше бойына жүзге жуық жарық шам қойылып, 69 орындық орнатылады деп күтілуде. Ең өзекті саналатын жол жөндеу жұмыстары Ү.Жақаев көшесінде де қарқынды жүзеге асырылып келеді. Осылайша облыс орталығындағы абаттандыру

СЫР СПОРТЫНЫҢ СӘНІ

Сыр өңірінің серпінді саласының бірі – спорт. Ал қызылордалықтар үшін Гани Мұратбаев атындағы спорт кешенінің жөні бөлек. Себебі біздегі аяқдошылар жарысы осында өтетіні әмбебап аян.

Орталық стадион алдына да кеспетас тосеу жұмысы жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, құрылысқа қажетті төсеніш тастар Алматы қаласынан әкелініп жатыр. Отандық өнімнің сапасы берік болатын көрінеді. Жұмыстар наурыз айына дейін толыққанды аяқталады деп жоспарлануда. Құрылыс алаңында 60 адам жұмыс жасауда. Қажетті техникалармен қамтамасыз етілген.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте



ДЕНСАУЛЫҚ

14 ақпанда Қазақстанда жалпы саны 772 адамның ПТР арқылы коронавируспен ауырғаны анықталды. Сogonavirus2020.kz ресми сайтының хабарлауынша, індетті ең көп жұқтырған науқасы бар аймақ – Алматы қаласы болып отыр. Мәдени астанада бір тәулікте 102 адамнан Covid-19 расталған. Ал Қызылорда облысында бір күнде 13 адамнан КВИ анықталды. Жалпы ел бойынша ауырғандар саны 202573-ке жетті.

Covid-19: 5 науқас жансақтау бөлімінде

Эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес 15 ақпанда «қызыл аймақта» тек Павлодар облысы тұр. Бұл аймақта 14 ақпанда 101 тұрғыннан коронавирус анықталған. Ал бұған дейін «қызыл аймақта» болған Ақмола облысы «сары аймаққа» ауысты. Эпидемиологиялық маусымда барлығы 3727 адам коронавируспен жұқтырған Қызылорда облысы «жасыл аймақ» тізімінде.

Жалпы аймақта жексенбіде 13 адамнан коронавирустық инфекция анықталып, 3 науқас емделіп шыққан. Бүгінгі таңда індеттен айыққандар саны 3586-ға жетті. Сондай-ақ коронавирустық инфекция анықталған адамдармен байланыста болған 15402 адам бар. Оның 12654-і тікелей қарым-қатынаста болса, 2748-і ықтимал. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, Қызылорда қаласында – 2319, Жанакорғанда – 382, Шиелиде – 310, Сырдарияда – 192, Қармақшыда – 172, Аралда – 122, Жалағашта – 118 және Қазалыда – 112 адам тіркелсе, оның 3586-ы, яғни 69,2 проценти індеттен жазылған. Қазіргі кезде инфекциялық стационарда 35 науқас ем алып, стационардың жүктемесі 16,7 проценти құрап отыр. Облыс бойынша 14 ақпанда 322 сынама зертханға тапсырылса, оның 296 сынамасы тексеруден өткен және 26 сынамамен әлі жұмыс жасалып жатыр.

Жалпы ел бойынша 14 ақпан күні 866 адам вирустан айығып, Қазақстан бойынша жазылғандар саны 185 205-ке жетті. 15 ақпанда жарияланған ақпарат бойынша 23542 адам коронавирус инфекциясынан (14733 КВИ+ және 8820 КВИ) емделіп жатыр. Оның ішінде 5339 пациент стационарда ем қабылдаса, 18203 науқас амбулаториялық деңгейде емделуде. Науқастардың 249-ы ауыр жағдайда және 47 адамның жағдайы өте ауыр деп бағаланған. Сонымен қатар, 44 пациент өкпене жасанды желдету аппаратына қосылған.

15 ақпандағы мәліметке сәйкес, әлемде 411 мың науқастан КВИ анықталып, жұқтырғандардың жалпы саны 109 млн-ға жетті. Оның ішінде 61 млн адам емделіп шықса, соңғы тәулікте 12958 адам көз жұмып, қайтыс болғандар саны 2,4 млн-ды құрап отыр. Бүгінгі таңда әлем елдері Covid-19 вирусымен күресті әлі тоқтатқан жоқ. Індетті жеңудің бір жолы вакцинация болғандықтан 10 ақпанда Қытайда коронавируска қарсы вакцинаның 40,52 млн дозасы егілген.

ҚХР Денсаулық сақтау істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің ресми өкілі Ми Фэн «соңғы үш күнде Қытайда коронавирустық ауырғандар тіркелмеді» деген. Десе де комитет өкілі Жаңа жыл мерекесінде ел ішінде адамдардың жүріп-тұруы мен көптеп жиналуына байланысты



эпидемияның таралу қаупі өсіп жатқанын ескертіп, осыған байланысты «қырағы болуға» шақыруда.

Ал Гвинеяда 2014-2016 жылдары таралған Эбола вирусы тағы да анықталды. «EuroNews» ақпараттық агенттігінің мәліметінше, Гвинеяның оңтүстік-шығысындағы Нзерекоре қаласы мен Гуеке ауданында Эбола эпидемиясы басталған.

Елдегі денсаулық сақтау министрлігі безгекпен күресу үшін бірқатар шара қабылдап үлгерген. Ол сырқаттарды мейлінше тез анықтап, олармен байланыста болғандардың барлығын оқшаулау керектігін айтты. Гвинеяның санитария қауіпсіздігі агенттігінің басшысы Сакоба Кейт «Эболаны жұқтырған жеті оқиға тіркелді. Олар – төрт ер адам мен үш әйел адам. Үш адам қайтыс болса, үш адам оқшауланды. Бір науқас Канабриде, екеуі Нзерекорде жатыр», – дейді.

Елдегі санитария өкілдері Эбола безгегі ең алғаш Гуеке қаласында медикпен анықталып, ол 28 қаңтарда көз жұмғанын мәлімдеді. Бірінші ақпанда әйел жерленіп, оның қоптаса рәсіміне бірнеше адам қатысқан. Араға бір-екі күн салып бірнеше адамнан сырқаттың белгілері байқалған, яғни іш өту, құсу, қан кету және ыстығы көтерілген. Тест тапсыру нәтижесінде олардан вирус анықталған. Оқиғаның байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Гвинеяға көмектесу үшін бар күшін салатынын мәлімдеді.

Еске сала кетсек, 2014-2016 жылдары Гвинея Батыс Африкадағы «Эбола» вирусының таралу ошағына айналған еді. Сол уақытта бұл өңірдің 28 мың адамы ауруға шалдығып, 11 мың науқас көз жұмған болатын.

Аслан НУРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 32 жыл толып отыр. Осыған орай «Тағзым» алаңында Ауған соғысы ардагерлерінің қатысуымен еске алу жиыны өткізілді.

ҚҰРМЕТІМ САҒАН МӘҢГІЛІК, АУҒАНДА БОЛҒАН АРДАҒЕР



Тарих жылнамасында қасіретті кезеңімен есте қалған осы бір жылдар біздің батыр жүректі ерлеріміздің есінде мәңгі қалмақ. Ерлеріміздің жанқиярлық ерліктерін ұрпақ жадында жаңғырту бүгінгі күннің парызы саналмақ. Он жылға ұласқан сұрапыл соғыста Сыр өңірінен барған ағалар қатары бүгінде сиреп келеді. Сол бір ұлпат соғыс даласынан бірі мүгедек болып елге оралды. Бірі із-түзсіз жоғалғандар қатарына енді.

– Бұл – тарихи тағдырлы күн. Талай жүрекке сыз, көңілге мұңды із қалдырған кез. Майдан даласында қазақ жастарының өршіл рухын көрсетіп, ерлікпен танылған қаншама ер болды. Олардың әрбірін ардақтап, өмір жолдарын өнеге тұтуымыз керек. Елге оралғандары туган жерін түлетуде де аянбай еңбек етті. Сіздердің ерліктеріңіз біздің мәңгі жүрегімізде сақталады. Егемен еліміз татулықтың тал бесігінде тербеліп, қарышты дами берсін, – дейді қала әкімінің орынбасары А.Есжанов.

Жиын барысында «Тағзым» алаңына облыс және қала әкімі мен қалалық ардагерлер кеңесінің ықылас гүлдері қойылып,

шейіт болған боздақтар рухына арнап құран бағышталды.

– Ауған ардагерлерін ардақтап еске алу шарасы жыл сайын дәстүрге айналып келеді. Біз ол кездері өрімдей жас жігітті едік. Бойымызда бұлжыған өршіл рух енесімізді томен түсірген жоқ. Қайда жүрсек те қазақ екенімізді таныттық. 1979-1989 жылдары жүргізілген соғыс даласына 800-ден астам қызылордалық қатысты. Соның ішінде 18-і сол жақта қайтыс болды. 30-дан астамы әртүрлі жарақат алып, елге мүгедек болып оралды. Сондай-ақ, 200-лей азамат орден-медалдармен марапатталды. Кеңес Одағының Батыры атанған азаматтар бар. Біз олардың есімдерін ешқашан ұмытпаймыз. Сондықтан соғыс кезінде шейіт болған бауырларымызды қаһарман деп айтуымызға негіз бар. Ардагерлерімізге қол бөліп, құрмет көрсетіп жатқан ел басшылығына үлкен алғыс айтамыз, – дейді «Ерлік» үйлестіру кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайрадин Баймаханов.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

ОТЫЗ КҮН ОЯУ

Қалалық мәслихат депутатылығына «Nur Otan» партиясы атынан сайланған Анар Ізден мандат алған күннен бастап дамып таппай келеді. Сайлауға дейін де үй аралап, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаған ол депутат болып сайланған соң белсенділігін тіпті күшейте түсті. Бірде саяжайларда, бірде мұқтаж отбасылардың жанынан табылған Анар Ізденді сайлаушы іздемейді, ол сайлаушысын өзі іздеп, мәселесін шешуге ұмтылып жүр. Бір ғана мысал, мұқтаж отбасыға қытымыр қыста өз қалтасынан көмір түсіріп беруді – оның әрбір сайлаушының жағдайына бей-жай қарай алмайтынын байқатады.

Депутат Айгүл Мұсабаева да отыз күннің босқа өткізгенін айтады. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, бір ай ішінде 6 депутаттық сауал жолдапты. Қаладағы бос жатқан жер болса, сол жерге мүмкіндігінше спорттық алаң, балалар ойын алаңын көбейтуді



Қалалық мәслихаттағы белсенді әрі тыным таппайтын депутаттың бірі – Еран Мұсаев. Мәслихаттағы жас депутаттың қатарынан болса да қаладағы көп мәселенің шешімін табуына үлесін қосып келеді. Депутаттың айтуынша, бір ай ішінде қолға алған мәселелері аз емес. Мәселен, қаладағы Өсербаев, Әйтеке би көшесі бойындағы көп-қабатты үйлерде жалдамалы пәтерлердің көбіейіп кеткендігінен тұрғындардың тынышы кеткенін мәселе етіп көтеріп қана қоймай, осы түйткілдік шешімін табын дегенше басы-қасында жүріп. Құқық қорғау қызметкерлерімен бірге рейдке өзі де қатысып, бүгінде тынышы кеткен аумақта тәртіп орнанып жеткізді. Сергек депутаттың отыз күн ішіндегі жұмысы бұл ғана емес. Денсаулығына шағым еткен сайлаушысымен бірге денсаулық мекемелерінің есігін қа-

ғып, сайлаушылармен бірге қуанып, бірге мұнайып жүрген депутаттың бірі. Депутаттың тағы бір көтерген мәселесі – саяжай жайы да алдағы уақытта шешімін тауып қалады деген үмітке. Яғни бюджеттен қаржы бөлінсе, саяжайға жол түседі деп өзі де сайлаушылармен бірге сол күнді асыға күтіп жүр.

Айта кетелік, қалалық мәслихат аппараты депутаттар жұмысын үйле-сімді ету үшін депутаттарды 4 топқа бөлген. Яғни халық қалаулылары өз тобындағы аумақтың мәселесін шешуге үлесін қосады. Бұл да депутаттардың қаланың ортақ мәселесін шешуге жұмыла кіріскенінің көрінісі.

Айта кетелік, қалалық мәслихат аппараты депутаттар жұмысын үйле-сімді ету үшін депутаттарды 4 топқа бөлген. Яғни халық қалаулылары өз тобындағы аумақтың мәселесін шешуге үлесін қосады. Бұл да депутаттардың қаланың ортақ мәселесін шешуге жұмыла кіріскенінің көрінісі.

Айта кетелік, қалалық мәслихат аппараты депутаттар жұмысын үйле-сімді ету үшін депутаттарды 4 топқа бөлген. Яғни халық қалаулылары өз тобындағы аумақтың мәселесін шешуге үлесін қосады. Бұл да депутаттардың қаланың ортақ мәселесін шешуге жұмыла кіріскенінің көрінісі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Жанартылған білім – жаңа мүмкіндік

Өркениетті елдердің қатарына ену үшін болашақ жас ұрпақтың білімді, білікті, бәсекеге қабілетті болуы шарт. Ал білімді ұрпақты мектеп қабырғасынан жан-жақты дамуы, ізденісте болуы керек. Осындай ерекшелікті ескере отырып, бүгінгі білім саласында жанартылған білім беру жүйесі енгізілді.

Еліміздің білім саласын әлемдік талапқа сай ету, білім сапасын арттыру, мектептегі оқу жүйесін Назарбаев зияткерлік мектептерінің деңгейіне жеткізу – жана жүйенің басты мақсаты. Сол арқылы оқушылардың 3 тілді жетік меңгеруі, ақпарат пен технология заманында заманауи технологиямен жұмыс жасай білуін, креативті ойлап, талдау жүргізе алуын, олардың жеке, жұппен, топпен бірге жұмыс істей алуын қалыптастыру көзделіп отыр.

Әлемде ақпарат пен технология қарқынды дамыған. Бүгінгі күні елімізде де барлық саланы сандық жүйеге көшіру жүргізілуде. Бұл – келешекте қарқынды дамып, көпшілік цифрлы жүйені толық меңгере бастайды. Ал цифрландыруды, жаңа технологияны жетік меңгерген маман бүгінгі мектеп қабырғасынан қалыптасады. Осы орайда оқушының информатика пәні арқылы программалауды, цифрлық құрылымға жұмыс істеуді, роботтехниканы меңгеруі маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда барлық білім ошағының ақпараттық-коммуникациялық технология пәні бойынша техникалық базасы жабдықталған. Бұл оқушы мен мұғалімнің тығыз байланыса отырып, жүйелі жұмыс жасауына, жаңа технологияны, талапқа сәйкес цифрлы құрылымдарды меңгеруіне мүмкіндік беріп отыр.

Нүргүл ФАЙЗУЛЛАЕВА, №11 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі

Басы 1-бетте

■ БІЗДІҢ СҰХБАТ

ЖУРНАЛИСТИКА – ЕЖЕЛГІ ЖАНР

«Біздің сұхбат» айдарында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті Журналисі, ақын Шәһизада Әбдікәрімовпен сұхбаттасқан болатынбыз.



■ СЫР СҮЛЕЙІ

Сыр бойы, оның ішінде шырайлы Шиелі жері ежелден-ақ тарихи шежірелерге бай аймақ екені белгілі. Ұлы дарияның жағалауын бірнеше ғасыр бойы жайлап келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың басынан талай қилы кезеңдер, тарихи оқиғалар өтті. Солардың бәрін хатқа түсіріп, халықтың жадында сақтаған кімдер еді?



БІРЛІККЕ ШАҚЫРҒАН БҰДАБАЙ

БҰДАБАЙҒА БЕРІЛГЕН БАҒА ҚАНДАЙ?

Әрине, ол қалың жұрттың ортасында өмір кешіп, жақсы мен жаманның парқын ажыратып беретін ақындар болатын. Алайда ақынның ақыны бар. Қашанда шындықтың бетіне тура қарайтын, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоққа» саятын қағидатқа берік ақын-жырауларымыздың артында ескірмейтін есті сөздері, уақыт шежіресі қалды.

Солардың бірегейі – Сырдың сұлей ақыны Бұдабай Қабылұлы. Қара домбыраның үнімен, қара сөздің күшімен дау тоқтатқан, ел бірлігін сақтап сыр сұлейі атанған Бұдабай сөзге шебер дарынды дүрдің бірі.

БАЛА БҰДАБАЙ

Ол Шиелі ауданына қарасты Жөлек ауылында 1842 жылы дүниеге келген. Сол ауылда 1912 жылы 70 жасында қайтыс болған. Әкесі – Қабыл момын, қарапайым шаруа адамы. Өзі айрықша қайырымды, тақпа кісі болған көрінеді. Осындай қарапайым отбасында туып-өскен Бұдабай жастайынан алғырлық пен зеректік танытып, ауыл молдасынан оқып, ертерек хат таниды. Шығыс ақындарының өлең, дастандарын үнемі оқитын. Жастайынан ұй, ауыл арасындағы той-томалақтарда қыз-қырыңға әзіл айтып, айттысып жүрді. Осылайша ақын ретінде таныла бастайды.

Бұдабай өткір, сөзге шебер болған. Оның алғаш ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айттысынан басталады. Жастайынан өлең-жырға әуес Бұдабай шығармаларының біразын жазып қалдырған. Өлеңдерінің басым көпшілігі ел бірлігі мен татулықты жырлауға, бітімге шақыруға арналған. Кейбір нысапсыз, парақор ел басшыларын сынап отырып, бұрынғы өткен әділ би, кеменгер шешендердің үлгілі істерін көлденең тартады. Сөйтіп оларды дұрыс жолға салмақ болады (Әлмәмбетке, Әжібай мен Торғайға, Аппазға) тағысын тағы. Оның есімі жоқтау жырлаумен де белгілі болған. «Әйкекені жоқтау» деп аталатын жыры ел арасына кең таралған, көркемдігі мен құрылысы жағынан ерекше тунды. Бұдабайдың «Шірдің баласы Сыздықты жоқтау», «Әлмәмбеттің жалғыз баласы өлгенде» атты туындылары да жұртқа мәлім. Ақынның «Өзім жайлы», «Көңіл», «Өмір туралы» өлеңдері де ел арасында кеңінен айтылып жүр.

Ақынның «Әйкекені жоқтау» деп аталатын жыры ел арасына кең таралған көркемдігі мен құрылысы жағынан ерекше туынды. Онда:

Әуелі Құдай жаратқан,
Екінші сөзім-Мұхаммед.
Бейнетті басқа бір өлім,
Мұхаммедке болса үмбет.
Жылады деп сөкпеніз,
Жиналып келген әлеумет.
Ақырын Алла бермесе,
Орнады бізге бір нәубет.
Сақилығы бар еді,

Баязит пенен Бастандай – деп бейнелеген бұл шығармада сол кездегі бір оқиғаға байланысты ел ішіндегі екі ру арасындағы болғалы тұрған қақтығысты болдырмай, руларды ортақ мәмілеге келтірген. Міне, сөз құдіретін ұққанға бөлінгенді біріктіріп, дауды қош, жауды дос қыла алған туабытты қасиетімен өлмес өсиет қалдырған, бітімі ерек, болмысы бөлек Бұдабай ақын жайында айтылар дерек осындай.

Ақтоқпан НҰРЛЫБАЙ

– Аға, әңгіме әлқиссасын журналист шеберлігі, жанрлық ерекшелігі жайлы бастасақ...

– Журналистика факультетінде журналист шеберлігі деген бар. Онда журналистика теориясы мен дамуы туралы айтады. Журналист шеберлігі дегеніміз – қоғамдық ойды жан-жақты қаузап, оқырманға ойлы мақала жеткізуді ойластыру. Журналистік шеберлік болмаса сенің сылдыр сөзің, лирикалық шегіністерің, әсерлі сезімдерің газет бетін толтыратын жай сөз болып шығады. Сондықтан журналист дайындықпен жазуы керек. Сол тақырыпқа орайластырып жанама, тікелей, нақты пікірлерді жинақтап жазу журналистің қолтаңбасын қалыптастырады. Қазақстанда мықты журналистер кезінде көп болды. Қазір сол журналистердің барлығы белгілі қаламгерге айналды. Мысалы, Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Құрманғазы Қараманов, Дүкенбай Досжан, Қалихан Ысқақов алғашқы шығармашылық жолын журналистикадан бастаған. Ал қазірге келетін болсақ көзге көрініп жүрген жазушылардың өздерінен де журналистиканың ісі аңқып тұрады. Шынын айтқанда жазушылық пен журналист екі түрлі шеберлік. Журналист болып қалды ба Сартай Ақтаев, Жанат Елшібек сияқты немесе Серік Әбдірайымов, Жақау Дәуренбеков, Жанболат Аунбаев сияқты болып қалу керек. Ал екі ортада дүбәра болып, я журналист, я жазушы бола алмау – ең сорақылық. Журналистік шеберлік – бұл бөлек ғылым. Қазіргі кезеңге қарап отырсақ журналистік шеберлікті мойындай бермейтін сияқты. Жанрлар сипаты баспасөз бетінде аз. Бұрынғы журналистика жанрлары түгел газет бетінде қамтылатын еді. Мәселен, репортаж, интервью, мақала, қатпарлы хабарлар да, очерктер мен сықақтар да болатын. Қазір кейбір жас журналистер фельетонның не екенін де білмей мүмкін. Қазіргі журналистика мен бұрынғы журналистиканы салыстырсаң қазіргі журналистика технологияға, интернеттік электронды техника ыңғайына бағынып бара жатыр. Қасаң морзия әріппесімен тықылдатып жазғандай, сөздің мәнін терең түсінеу бар. Кейде қарап отырып бір абзацтың өзінен бірнеше сөздің қайталанғанын көріп таңғаламын. Бұл журналистік шеберлікке селкеу түсіреді. Қазіргі журналистиканың мүмкіндігі зор, бұрынғыдай архив ақтармайды. Барлығы интернетте тұр. Журналистикаға ізденіс аса қажет. Бүгінгі баспасөзде қоғамда сілкініс туғызатын талдамалық сараптамалық материалдар жетіспейді.

– «Қоғам тв» телеарнасынан түлеген талантты шәкірттер жетерлік. Қаламы қарымды журналистер жасақтауда ұжымның ұстанымы қандай?

– Ұжымның ұстанымы – материалды эфирге шынайы беру. Жасыратыны жоқ соңғы уақыттарда кейбір ақпарат құралдары біреудің мүддесін қорғап, сол үшін жұмыс жасайтын болды. Бұл дұрыс емес. Біздің ұстанатынымыз осындай компиляциядан аулақ болу. Ақпарат құралы қолжетімді болуы керек. Әр нәрсенің ағы мен қарасы бар. Қоғам тв құрылғалы осы бағытта ұстанып келеді. Біз мәселені көрсете отырып соны шешуге тиіс тараптың да пікірін береміз. Қоғам тв телеарнасынан түлеп ұшқан әріптестеріміз Қазақстанның түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Шығыс Қазақстан облысында Айда Жабағиева басшылық қызметте отыр. Нұрлан Соңғыбайұлы бар. Ғалымжан Байімбет қазір Лондоннан хабар беріп жатыр. Сонымен қатар «Қазақстан-Қызылорда», 31 арна, КТК телеарналарында қызметкерлеріміз жұмыс істеп жүр. Бұл – мен үшін үлкен мерей.

– «Мінезсіз адам ұлы өнер тудыра алмайды» деген сөз бар. Бас бұғып, бармақ бүгіп қалмайтын қайсарлық шығармашылыққа қажет пе?

– Әрине қажет. Шығармашылыққа мінез керек. Өйткені оның бойында батылдық болмаса қандай шығарма тудыруы мүмкін? Мінез бен білім ұстасып жатуы керек. Халық даналығында «Мінезділік білімнен де жоғары тұруы қажет» деген сөз бар. Мінезді адам өмірге шынайы қарайды. Ақ пен қараны, әділдік пен әділетсіздікті саралай біледі. Солқылдақ немесе сөзге ерме болмайды. Кейде адам қоғамның күйкі тірлігіне мойынсұнып болмысынан ажырап қалуы ықтимал. Осыған сәк болу керек.

– Бүгінде әлеуметтік желіге жүгінетіндер қатары көбейіп келеді. Блогер мен журналистің болашағын қалай бағамдайсыз?

– Журналистика – ежелгі жанр. Бұл сонау антикалық дәуірден келе жатқан бірінші мамандық болуы мүмкін. Ал блогер кеше пайда болған дүние. Бірақ олар жетілеп дегенше біраз уақыт керек деп отырмау керек. Өйткені электрондық технология дамып кеткені сонша кейбір сәттерде журналистиканың міндеттерінен де асып түсетін сәттері болады. Ақпаратты өңдемей, сол қалпында желіге жүктей салады. Шетелде блогерлер қоғамға қажетті дүниелерді сараптап барып салады. Сөздері сылдыр, сөйлемдері сауатсыз адамдардың постарына неге қызығамыз? Өйткені бізде әлеуметтік желіні оқитын талғам қалыптасқан жоқ. Кейбір блогерлердің өздерінше контент құрап, пікір туғызам деуінің өзі қиын. Келешекте халықтың шынайы ақпаратқа, шынайы блогерлік контентке қалыптасатын уақыты да келеді деп есептеймін. Блогер қоғамға қызмет етуі керек. Ол өз имиджін жасау керек. 70-80 жылдары кассеталық соғыс деген болған. Иранның монархия билігі Аятолла Хомейниді елден қуып жіберіп еді. Ол Америкаға барып өзінің уағыздары мен пікірлерін кассетаға басып, бүкіл Иранға таратып жіберді. Күндердің күнінде монархиялық езгілік, қанаушылық, жемқорлық әрекетке көнбеген халық өздері көтеріліп, Пехлеви Шахты билігінен тайдырды. Бұл – қоғамдық аса қуатты саяси өзгерту қалыптастырған деген сөз. Қазіргі уақытта мұндай болмағандармен әр адамның күрескерлік қасиетін ояту үшін әлеуметтік жүйеде контенттер керек.

– Шерхан Мұртазаның «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» деген сөзі бар. Бұқара мұның жоқтайтын бұқаралық ақпарат өкілдері үшін не өзекті?

– Қоғамда біздің дамуымызды тежейтін кедергілер өзекті. Соны уақытында бере алмай жатсақ, әлдебір күштердің әсерінен өзіміздің даусымызды айқын шығара алмасақ осы өзекті. Екіншіден, материалдық игіліктерге байланысты. Қазір ең кедей халықтың бірі – журналистер. Еңбек ететін ұжымның әлеуметтік экономикасын көтеруге бәріміз мүдделіміз. Ол үшін өмір сүріп отырған ортаның өндірісі жақсы болуы керек. Америкада, Швейцарияда журналистерге жағдай жасалған. Ол елде кез келген орта ақпарат құралының керек екенін саналы түрде сезінеді.

– Ал қазіргі қазақ журналистикасына қандай баға бересіз?

– Өзім де осы ортаның өкілімін. Сондықтан артық айта алмаймын. Ағалар жолын жалғап келе жатқанымызға қуанамыз. Дәрігерлер бір-біріне баға бермейді. Сол секілді біз де бір-біріміз туралы сөз айтудан аулақ болуымыз керек. Бір-бірімізді құрметтеуіміз қажет деп есептеймін.

– Алпыстың асқарына көтерілдіңіз. Өмірде өкінетін тұстарыңыз бар ма?

– Өмірде қуаныш пен өкініш алмасып жүреді. Менің азғантай өкінішім ақындық жолмен неге кетіп қалмадым деп ойлаймын. Кеңес үкіметі кезінде ақындарға шығармашылық қолдау жақсы жасалатын. Ол кезде бір кітабыңа бір волга мінесің. Қазір шығармашылық бағаланып жатқан жоқ. Әдебиетшілер әдебиетшілер үшін ғана жазатын сияқтымыз. Шығармашылық қуатымының 70 процентін пайдалана алмай жатқаныма өкінемін.

– Өнерде алған алғашқы марапатыңыз есіңізде ме?

– 6 сынып оқып жүргенде өлең жаздым. 10 сынып оқып жүргенімде республикалық мектеп оқушылары арасында «Менің замандастарым» деген байқау болып, сонда бірнеше бөлімнен тұратын толғау жазғанмын. Дәл осындай қыс мезгілі болатын. Содан бас бәйге алғанмын. Қазақстан бойынша бес ақын үздік болдық. Наурыз айында Алматы қаласында өткен бүкілодақтық балалар кітап көрмесі фестиваліне қатыстық. Міне, бұл менің алғашқы жүлдем еді.

– Шығармашылықпен шет мемлекеттерде көп болдыңыз. Сізге қай ел ұнады?

– Бірнеше елде болдым. Соның ішінде баса айтып өтетіні Түркиядағы түркі дүниесі ақындарының фестиваліне қатысқаным ерекше ыстық. Едірне қаласында Ахмет Нишати атындағы халықаралық сыйлық алдым. Бұл фестивалде үш адам лауреат атандық. Орта Азиядан мен. Македониядан бір қыз және Ирактың бір ақыны. Сол кезде Түркияның көне қалаларына саяхаттадық. Шетелдердің ішінде Түркия ұнады. Көшеде

кетіп бара жатқан кейбіреулерін көріп 80-ші жылдардағы қаймағы бұзылмаған ауыл адамдарына ұқсатамын. Тағы бір ұнайтыны, Түркияның өн бойында рух сезіліп тұрады. Өзіндік дәстүрі мен болмысын сақтап қалған мұндай елді көргенім жоқ. Жыл сайын Түркияға барамын. Ол жақта бейне бір өзіміздің 70-ші жылдардағы ауылымда жүргендей сезінемін.

– Сіз әдебиетке келген кездегі поэзия мен бүгінгі поэзияда айырмашылық бар ма?

– Әрине, айырмашылық болады. Біз кешегі кеңес заманымыз мен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанды көрдік. Жас ақындардан басты айырмашылығымыз осы. Біз жас кезімізде әлем әдебиетін оқығанбыз. Ал қазіргі жас ақын-жазушылар әлем әдебиеті түгелі, қазақ әдебиетінен де хабары шамалы-ау деп ойлаймын. Себебі кейбір ақындар жалын-датып өлең оқиды. Бірақ мардымсыз марапат күткендей көрінеді. Айтылған ойдың барлығы Жүмекен Нәжмедінов, Жарасқан Әбдірашов, Мұқағали Мақатаев айтып кеткен оялар. Бірақ оларды ақындардың өлеңін ұрлап алды немесе жиендік жасады деп ешқашан есептемеймін. Өйткені олар ұлы ақындарды оқыған жоқ. Асылхан жаңалықтарды жаңалық деп түсінеді. Көркем қайырымдарды көркем сөздерді мен таптым деп ойлайды. Біз өлең жазғанда өзгеге ұқсап бара жатқанды байқасақ, дереу ондай ойдан қашатынбыз. Біз бала кезден барлығын білуге талпындық. Өйткені өзге ортада рухани мүгедек болуға арланатын едік. Қандай қияға салса да жарып шығатын деңгейде болды. Қазіргі жастарда осы жетісе бермейді. Шығармаларында ситуация жоқ. Дегенмен біздің дәуірдегідей тұнып тұрған таланттар өте аз. Бұрын біздер қалың шаңның арасынан Құлагердің дүбірін, Ақбақайдың аттанын анық аңғаратын едік. Қазір таланттарды таңдау да, тану да қиын болып тұр.

– Қандай кітап оқып жүрсіз?

– Осы сәтте «Сақтар» деген кітап оқып жатырмын. Атанның белін үзетін қалың кітап. Орхан Памуқтың шығармаларын оқудамын. Сонымен қатар Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романын, Мұхтар Мағауиннің «Мен» романын оқудамын. Жастарға оқуға кеңес беремін.

– Бос уақытыңызда немен айналысыңыз?

– Бос уақытымызды көбіне кино көруге арнаймын. Ой тынығады. Сана серпіледі.

– Бала тәрбиесінде айтар басты ақылыңыз қандай?

– Баламен дос болу керек.

– Бүгінгі заманның батыры деп кімдерді айтасыз?

– Отбасын да айналасын да асырап, қайырымдылық жасап жүрген жандарды бүгінгіңіз батыры дер едім. Әсіресе, соны жарияламайтын адамды ардақтауға болады.

– Алысты не жақындатады, жақынды не алыстады?

– Алысты білім мен мәдениет жақындатады. Шын достық жақындатады. Жақынды сөз алыстады. Даңғойлық, астамшылық алыстадатады.

– Сіз басқа адам болсаңыз, өзіңізді дос болар ма едіңіз?

– Міндетті түрде Шәкізаданә іздеп барып дос болатын едім.

– Осы біз танымалдылықты мықтылық деп есептейтін деңгейге қашан жеттік?

– Танымалдылықтың бәрі мықтылық емес. Мәселен, ұрылар да танымал болады. Бірақ ол мықтылыққа жатпайды. Екеуін бөлек қою керек. Өнердегі танымалдылық, қайраткерлік елдің ішіндегі азаматтық – бұл мықтылық. Мықтылығымен танымал боласың. Танымалдылығымен мықты бола алмайсың.

– Жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?

– Жастардың бойынан қазақы нәзіктік көргім келеді. Қасиретті көргенде жылап жіберетін қасиетті көргім келеді. Осы қасиеттер болғанда болашағымызды ойланбай аманаттай аламыз.

– Туған жер несімен қымбат?

– Туған жер тарихымен қымбат, мәдениетпен құнды.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚОЛӨНЕРГЕ ҚЫЗЫҒАТЫНДАР КӨП



Қолөнер – дәуірлер көшінен дәстүрлі сипат алған сырлы дүние. Бұл кәсіпкерлік қандылық Сыр өңірінде де заман кейіпімен қарқынды дамып келеді. Асыл мұраны жастайынан үйреніп, жалғастырып, жандандырып жүрген жанның бірі – Баян Әбуова.

Ол Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана жанынан ашылған арт-студиясында балаларды қолөнер туындысының қыр-сырына баулып келеді. Үйірме оқушылары арасында облыстық, республикалық сайыстарда жеңімпаз атанып жүрген жеткіншек жеткілікті. Үйірмеде сурет салумен қатар сәулет өнері бойынша да дәріс беріледі екен. 3 жылда 300-ге жуық бала сурет салудың қыр-сырын меңгеріп, қосымша қолөнер бұйымдарын жасаудың тың тәсілдерін игеріп жүр.



БАСТЫ ПАРЫЗЫМ...

– Бала күнінен қолөнерге қызықтым. Бұл – әжем мен әкемнен дарыған қасиет. Әжем бала кезімде ши тоқитын, ағаштарды керіп, жіптерді тоқуға тас байлап эскизсіз-ақ кейбір дүниелерді тоқып шығаратын. Оның кереметтілігін тоқыған шиден көруге болады. Сонымен қатар алаша, түкті кілемдер тоқитын. Ташкенттен алдырған бояуларымен жүнді бояп, суга пісіріп жіп иретін. Ал анам кілем тоқитын. Бойдағы талант жарыққа шықпай қоймайды екен. Қолөнердің қыр-сырын үйретуден жалықпаймын. Шәкірттерім үлкен мыңдарды бағындырады деп сенемін. «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» деген халық даналығы бар. Баланы еңбекке баулуың бірден-бір жолы

қолөнерге қызықтыру. Ол адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезіміне, алға қойған мақсатының айқындалуына әсер етері сөзсіз. Ата-бабаларымыз «Жігітке жеті өнер де аз» немесе «Аталық айтар ісің болсын» – деп өнерді ерекше бағалаған. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қолөнерді келешек ұрпаққа табыстау басты парызым, – дейді Баян Әбуова бізбен әңгімесінде.

P.S. Кейіпкеріміз қолөнер бұйымын жасағанда жанын ерекше шуақ тербейтінін айтады. Бұл – өнер құдіреті. Ісмер жасаған әрбір дүниесін үлкен ыждағаттылықпен атқарады. Өйткені қолөнер бұйымын жасау үлкен төзімділікті талап етеді.

Т.ШАЙДУЛЛА



ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...

КЕЛІНІМНЕН САБАҚ АЛЫП ЖҮРМІН

Өзім солтүстік өңірінің қызымын. Алматыдағы жоғары оқу орнында бірге оқыған онтүстіктің жігітіне тұрмысқа шығатынымды айтқандым, шешем түбегейлі қарсы болды. «Олар қазақлықтың лайына батырып, мәдениетті күнге айналдырады» деп шошытты. Сол сөздердің санама әсері сонша, шаңырақ көтерген күннен бастап билікті қолыма алдым. «Шын сүйсең Алматыда қаламыз» деген алғашқы шартым еш қарсылықсыз орындалып, одан кейінгі жылдары қазақтың салт-дәстүрінің бірін де мойындамадым.

Қайын жұртқа ас-тойларда ғана барып, көп бөгелмейтінбіз. Ата-енем пәлен деп ештеңе айтпады. Не керек, қазақпыз дегеніміз болмаса, еуропаша өмір сүріп жаттық. Қыз өсті, ұл ер жетті. Балам онтүстік жақтың қызын аламын дегенде қарсы бола қоймадым. Жас келген сайын ұл мен қыздың болашағын ойлап, іштей балаларыма инабатты, оқыған, жарын құрметтейтін, жағдайын жасайтын, қартайған шағымызда бізге мейірімділік көрсететін келін мен күйеу баланың болғанын қаладым. Өзге өңірде де жақсы жастар бар ғой, дегенмен, қазақлықтың қаймағы бұзылмаған онтүстікте иманды жастар көбірек болатындығын іштей мойындайтынмын.

Күйеу балам түркістандық, келінім Қызылордадан болды. Қызымды қанша үгіттеген де күйеуі Түркістанға әкетті. Көндім. Шүкір, жаман емес. Ал келінім Аяуқамның (Аяулым) ақылдылығы мен көргенді, тәрбиелілігіне іштей Аллама жүзі мәрте шүкірлік етемін. Қайын жұртты салықалы келін болмадым, болуға талпынбадым. Сонда да күдіреті күшті Тәңірім мендей ойсыздау пендесіне мейірім төккеніне, кеш те болса қателігімді түсінуіме мүмкіндік бергеніне тәубе етемін. Әлқисса...

Келінім түскен күннен орамал тартып, сәлем салды.

– Сәлем салмай-ақ қой, – дегенімде,
– Мама, батаңыз бен ақ тілегіңізді айсыз ба? – деп жымиды. Сосын өрескелдеу, тік айтқанына қымсынып: – Бата алатын ата-енем бар, мен бақытты келінмін, – деді.

Жүрегім жылып сала берді.

Рас, ерге шыққаныммен келін болу бақытын сезінген емеспін.

Иә, келін болу – бақыт. Келін болу жар құшып, бала сүю ғана емес. Бұл – сол әулеттің шаңырағына уық болып қалала білу бақыты. Өткенге әлі, сол бақытты түсінбегеніме қынжыламын.

Олай дейтінім, келін яғни «екінші сұрыптағы адам» болғым келмеді. Сол пейілдімді түсінген қайын жұртым да маған келін деп қарамады. Бөтен болдым. Үлкенге сәлем салып, қызмет қылып, бата алып көрмедім. Аяуқамның әлгі сөзі маған осыны түсіндірді. Бұл – менің келіннен алған алғашқы сабағым.

Жаңа түскен келіңе бірден үйіңе қою қиын екен. Үйіңде бөтен бір кісі жүргендей. Оның әр ісіне, аяқ алысына, қимыл-әрекетіне, сөзіне сынмен қарап, сырттай көп бақыладым. Байқағаным, ұлымның да, атасының да бас киімдерін кіре берістегі киім ілгіштен алып, төргі бөлмеге қояды. Бірнеше рет қайталады. Себебін сұрадым.

– Асхат отауымың, атам әулетіміздің бас иесі ғой. Өжем үнемі атам мен әкемің бас киімін жоғары қойып жатып, «еркек – пірің, бас киімін жоғары қой, мерейі үстем болады. Күйеуің мерейі үстем болуы – ол әйелдің бақыты» дейтін, – деді.

Ішім жылып қалды. Бұл екінші сабақ болды.

Мойындаймын, «әйел мен еркек тең» деген қағидамен еріме ешқашан «пір, бас ие» деп қарамаппын. Ол да оны талап еткен емес, өз көйлек-шалбарын өзі тазалап, өттектеп, тамағын жылытып ішіп кете беретін. Бұл – біздің тұрмысымыздағы қалыптасқан жағдай. Оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Өзімің еркектің қысық қабырғасынан жаратылғанымды және жарымның алдында зайыптылық міндет-парызымның болатынын білмей келіппін. Мұны келінімнің іс-әрекетінен ұғындым.

Тағы бірде кешкісін кіре берістегі башлық аяқ киімдерді тазартып тұрған келіңге қызым:

– Өркміңнің өз қолы бар ғой. Келін болдым деп тым асыра сілтеп жібермедің бе? – деді әзілдеп болса да ойындағысын айтып.

– Сенің де етігіңді сүртіп қойдым.

– Көріп тұрмын, рақмет!

– Саған жағымды болды ғой.

– Өрине, бірақ сен бұл үйдің күні емессің ғой.

– Өз етігіңді сүртіп тұрып, қалғандарын ысырып қоя алмадым. Бір етікті сүрткен не, екеуді сүрткен не, қиындығы жоқ.

Екіншіден, балшығымен тұра берсе, су теріге сіңіп, аяқтарын былжыратады. Тазаласам, тәңертенге дейін кеуіп, құп-құрғақ болады. Вот так! Үшіншіден, үшіншіден, Асхатымның үнемі таптаза, ұқыпты болып жүргенін қалаймын, – деді. Мұндайға қалай елжіремессің. Дегенмен бұдан алған сабағым да аз болған жоқ.

Мен әркез «жарым маған көңіл бөлуге тиісті» дейтінім. Өзімді бірінші орынға қоятынмын. «Мен оған не істедім?» емес, «ол маған не істеді?» дейтінім. Жар болу бұл тек алу ғана емес сынарына құрмет пен сыйластықты бере де білу керек екендігін ойламаппын. Келінімнің іс-әрекетінен соны түсіндім, сабақ алдым.

Аймаханнұң Сақыжаны

(Материал әлеуметтік желіден алынып, қысқартылып берілді)

МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ

Қазақ ел тағдырын бәрінен биік қойып, ұлттың тұтастығы мен жерінің бүтіндігін мұрат еткен батырлар аз емес. Олардың есімі тарихтың әр белесінде алтын әріптермен сақтаулы. Талай жаугершілікті бастан кешкен халқымыз ұлан байтақ даламызды сол батыр бабалардың білек күшімен аман сақтап қалды. Дегенмен өзмізден шыққан жаужүрек батырларды, ақын-жырау мен ғұлама ғалымдар туралы тарихи деректі алдымен Қытай, Парсы, Мысыр, Еуропа мемлекетінің жазбасынан іздейтініміз жасырын емес. Бұл жағдай тек менің ғана емес, бүкіл қазақты қынжылтатындай көрінеді. Өздеріңіз білетіндей, кеңестік заманда қазақ мектептерінде ұлт батырларын жете танып білген жоқ. Олардың жанкешті ерлік істері дұрыс дәріптелмеді. Сол себепті жас ұрпақ ата тарихынан алшақтап қалды десек қателеспейміз. Тіпті аты аталмай беймәлім қалған ержүрек ағаларымыз аз емес. Одан бөлек, ұлы хандар мен даңқты батырлар ерлігі ел жадынан біртіндеп өше бастады. Бұл жағдай тек еліміз егемендік алғаннан кейін қолға алынды. Оған Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы себеп болды. Онда: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүрген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа атамекеннің қарсы қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», – деп көрсетті.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт!» – деп жыр алыбы Жамбыл атамыз жырлағандай, ержүрек бабалардың ерлігі кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болып қала бермек. Мәселен, орыс тарихшылары өзінің қаны бір славян ұлтын мақтап тарих беттерінде дәріптеп жүреді. Кеңестік кезеңде берілген саяси идеология солай болды. Ресей тарихшылары жергілікті басылымдарда қазақ батырларының еңбегін аударып, тарих беттеріне түсіріп деректі фильмдер көрсетіп жүр. Өз уақытында сонау еуропаны бағындырған Наполеон 1812 жылы Ресейге өз шабуылын бастап, қалаларын тас талқан етіп, сонау Мәскеуге дейін келді. Сол уақытта көрші мемлекетті қорғау үшін Орынбор аймағы түрлі ұлт өкілдерінің басын қосып, әскери атқыштар полкін құрады. Оның ішінен Орынбор, Жайық, Башқұрт жерінің азаматтарының көп болғанын тарихтан білеміз. Қазақтар көпұлтты Ресей құрамында болып, соғысқа өлшеусіз үлес қосты. Мәселен, генерал М.Платовтың казак корпусына кірген І теңіз полкінің құрамындағы қазақтар француз басқыншыларымен атақты Бородино шайқасында ерлікпен шайқасқан. Осы ұрысқа қатысқаны үшін қазақ жауынгері Майлыбайұлы күміс орденмен марапатталса, ал старшина Қарыбай Зындағұлұлы көгілдір ленталы медаль иеленген. Ал жауынгер Мұрат Құлшаранұлы

мен Ерік Азаматұлы «чин хорунжи» атағын алған. Француз басқыншыларымен болған шайқаста жауынгер Боранбай Шәушбайұлы мен жасауыл Ықсан Әубәкірұлы қайталанбас ерлік көрсетті. Одан бөлек Вязьма түбінде өткен соғыста І Теңіз полкінің жасауылы Сағит Хамитұлы 3 дәрежелі «Әулие Анна» орденін алды. Башқұрт құрамасында шайқасқан Нарынбай Жанжігітұлы Георгий орденінің кавалері болды. Аталған полктерде талай қазақ азаматы майданның бел ортасында жүріп, ерліктің биік үлгісін танытты. Айталық, Әмен Байбатырұлы Лейпциг және Глогау түбінде шайқаста көрсеткен ерлігі үшін күміс медальмен марапатталды. Көптеген қазақ орыс әскерінің шетелдік жорықтарына қатысты. Мысалы, III Орынбор полкіне қызмет еткен Жақып Беляков орыс қолбасшысы М.Кутузовтың қолынан марапатқа ие болды. Кейін ол зейнетке шығып, туған ауылына оралды. Соғысқа қатысқан кейбір қазақтардың қолында найза, сойыл, айбалта, шоқпар, қылыш және садақ сияқты ұлттық қару-жарақтары болды.

Ұрыс басталғаннан кейін қазақ-орыс саудасы күшейе түсті. Майданға мал, тамақ және киім керек болды. Ішкі Орда мен кіші және орта жүз қазақтары көп мөшерде жылқы жеткізіп отырды. Мәселен, 1804-1815 жылдар аралығында ішкі орда қазақтары соғыс мұқтажына 47,2 мың жылқы сатқан. Шығыс Қазақстанда Риддер, Зырян кеніштерінде жұмыс істеген қазақтар Ресейге қорғаныс қажеттіліктері үшін 22 мың рубль, ал Елтон тұз кенішіндегі қазақтар әскерлерге 1 миллионға жуық пұт тұз жинады. Қазақтар тарапынан мұндай көмек жағдайлары аз болған жоқ.

Француз басқыншыларына қарсы азаматтық соғыс қазақ пен орыс халықтары арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына оң әсерін тигізді. Бұл елге құнды қауіп туғанда екі халықтың алғашқы бірлескен жауынгерлік бауырластығына сеп болды. Дала халқы қанды шайқас алаңында олардың жауынгерлік рухының қаншалықты рухты екенін дәлелдей түсті.

1916 жылғы көтеріліс де жалаң қылышпен жауға шапқан көзсіз батырлар халқымыздың ерлік пен өрлік рухын үстем етті. Намысты қолдан бермеді. Торғайда Кейкі мен Амангелді, Жетісуда Бекболат, Жәмеңке мен Ұзақ, батыс өңірде Құныскерей батырлар отаршыға қарсы қан майданда қайтпай тұрды, азаттық үшін күресте жандарын қиды.

Тәуелсіздік бағасын таразылағанда қазақ батырлары жасаған ерліктің тарихи маңызын терең қадірлеуіміз қажет. Білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған қасиетті, кең байтақ қазақ жері бүгінгі ұрпаққа аманат. Өткенді өнеге етпей, келешекке қадам жасай алмайтынмыз анық.

Қанат ТӨРЕМҰРАТОВ,

М.Мәметова атындағы

жоғары педагогикалық

көледжидің оқытушысы

Меншік иесі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №231

Номердің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ